

## Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 144 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 сәуірде № 22651 болып тіркелді.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 24.01.2023 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Мемлекет пен қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық даму министрі

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы Соты  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық  
даму министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Орталық сайлау комиссиясы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет)

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және табиғи  
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Республикалық бюджеттің атқарылуын  
бақылау жөніндегі есеп комитеті

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрі  
2021 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 144 бұйрыққа  
1-қосымша

## **Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" 2015 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-2-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес әзірленді және ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – мемлекеттік органның ашық деректерін орналастыру үшін интернет-порталдағы жұмыс орны;

2) ашық деректер – машинада оқылатын түрде ұсынылған және өзгермеген түрде одан әрі пайдалануға, қайталап жариялауға арналған, жалпыға бірдей қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстар;

3) ашық деректердің интернет-порталы (бұдан әрі – Портал) – ашық деректер бойынша сипаттаушы және сілтемелік ақпараттың орталықтандырылған сақталуын қамтамасыз ететін "электрондық үкімет" веб-порталының құрамдасы;

4) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпаратқа қол жеткізу саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) ақпарат пайдаланушы – ақпаратты сұрататын және (немесе) пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

6) әкімші – мемлекеттік биліктің, жергілікті мемлекеттік басқарудың және өзін-өзі басқарудың заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының органдары мен мекемелерінің (бұдан әрі – мемлекеттік орган), мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, функцияларды орындаушыларының жұмысын ұйымдастыратын мемлекеттік органның, мемлекеттік

орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, функцияларды орындаушының ашық деректердің интернет-порталындағы өкілі;

7) орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын орындаушылар (бұдан әрі – функцияларды орындаушылар) – "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен орталық және (немесе) жергілікті атқарушы органдардың функцияларын жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері және олардың бірлестіктері, өзін-өзі реттейтін және үкіметтік емес ұйымдар;

8) "электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы (бұдан әрі – сервистік интегратор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, "электрондық үкіметтің" архитектурасын және "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын дамытуды әдіснамалық қамтамасыз ету жөніндегі функциялар, сондай-ақ "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де функциялар жүктелген заңды тұлға.

## **2-тарау. Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру тәртібі**

3. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпаратты Порталда орналастыру тәртібі ашық деректерді орналастыруды және өзекті етуді қамтиды.

4. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, функцияларды орындаушылар қазақ және орыс тілдеріндегі ашық деректерді Порталда орналастырады және өзектендіреді.

Мемлекеттік органдар ашық деректерді Заңның 6-1-бабы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесіне сәйкес орналастырады және өзектендіреді.

5. Мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, функцияларды орындаушылардың Порталда ашық деректерін орналастыруы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ашық деректерді ұсыну форматына сәйкес JSON (Java Script Object Notation) немесе XML (eXtensible Markup Language) форматтарында орналастырады.

Мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, функцияларды орындаушылар ашық деректерді JSON немесе XML форматына ауыстыруды АЖО-да орналастырылған құралды пайдалана отырып жүзеге асырады.

Құралды пайдалану үшін мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері,

функцияларды орындаушылар осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген ашық деректерін JSON немесе XML форматына аудару жөніндегі құралды пайдалануға арналған сипаттамаға сәйкес ашық деректерін қалыптастырады.

6. Порталда орналастырылатын ашық деректер ашық деректердің сипаттамасын, ашық деректер өрістерінің сипаттамасын және машинада оқылатын түрдегі ашық деректерін қамтиды.

Мемлекеттік органның, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, функцияларды орындаушының API (Application Programming Interface) қолдана отырып, ашық деректерді ұсынуы берілетін ақпарат мемлекеттік органның, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеменің, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, функцияларды орындаушының ақпараттық жүйесінде қамтылған жағдайда жүргізіледі.

7. Ашық деректерді алу қажет болған жағдайда, ақпарат пайдаланушы еркін нысанда ашық деректерді орналастыруға өтінімді Портал арқылы тиісті мемлекеттік органға, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекемеге, квазимемлекеттік сектор субъектісіне, функцияларды орындаушыға жібереді.

8. Сервистік интегратор ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, ақпарат пайдаланушылардан келіп түскен өтінімдерді өңдеуді жүргізеді. Өңдеуден өткен өтінімдерді сервистік интегратор АЖО арқылы әкімшіге жібереді.

9. Егер ақпарат пайдаланушы сұратқан ашық деректер Заңның 11-бабының 16-тармағына қайшы келмесе, мемлекеттік орган, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме, квазимемлекеттік сектор субъектісі, функцияларды орындаушы өтінімді алған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде АЖО арқылы Порталда ашық деректерді орналастырады.

Кері жағдайда мемлекеттік орган, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме, квазимемлекеттік сектор субъектісі, функцияларды орындаушы өтінім алынған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде АЖО арқылы ашық деректерді орналастырудан бас тартады.

10. Ақпарат пайдаланушыға мемлекеттік орган, мемлекеттік орган болып табылмайтын мемлекеттік мекеме, квазимемлекеттік сектор субъектісі, функцияларды орындаушы тиісті шешім қабылдаған кезден бастап өтінімді қарау мәртебесі туралы хабарлама автоматты түрде жіберіледі.

Ашық деректердің  
интернет-порталында ақпаратты  
орналастыру қағидаларына  
1-қосымша

## **Ашық деректерін ұсыну форматы**

1. Ашық деректерді жариялау форматы

"meta": {

```

"apiUri": "",
"nameKk": "",
"nameRu": "",
"nameEn": "",
"descriptionKk": "",
"descriptionRu": "",
"descriptionEn": "",
"keywords": [],
"responsible": {
"fullnameKk": "",
"fullnameEn": "",
"fullnameRu": "",
"phone": "",
"email": "",
"owner": {
"fullnameKk": "",
"fullnameEn": "",
"fullnameRu": "",
"phone": "",
"email": ""
"fields": {
"<fieldName>": { "type": "Int | String | Double | Boolean
|Date | Geoposition", "labelKk": "", "labelRu": "", "labelEn": "",
"datapath": "<apiUri>.<id>", "pkey": true},
"<fieldName>": { "type": "Object", "labelKk": "",
"labelRu": "", "labelEn": ""},
"fields": {}
"<fieldName>": { "type": "List", "labelKk": "",
"labelRu": "", "labelEn": "", "elementType": "Int | String | Double
| Boolean | Date | Geoposition | Object | List"
"fields": {}
"data": [{}..{}]}

```

## 2. Формат бойынша ашық деректер туралы жолдардың сипаттамасы

Р/с №	Жолдың атауы	Қазақ/орыс тіліндегі жолдың типі	Жолдың типі	Атрибуттар мәніне қойылатын қосымша (арнайы) талаптар
1	apiUri	Ашық деректердің сәйкестендіргіші	Жол (100)	Ашық деректердің бірегей сәйкестендіргіші

2	NameKk /NameRu	Ашық деректердің атауы	Жол (255)	Ашық деректердің толық атауы
3	DescriptionKk / descriptionRu	Ашық деректердің сипаттамасы	Мәтін	Ашық деректердің толық сипаттамасы
4	Keywords	Ашық деректердің түйінді сөздері	Массив/ Тізім	Түйінді сөздер
5	Responsible.fullname K k / Responsible.fullname Ru	Ашық деректерге жауапты адам	Жол (100)	Ашық деректерге жауапты адамның ТАӘ
6	Responsible.phone	Телефон нөмірі	Жол (50)	Жауапты адамның телефон нөмірі
7	Responsible.email	Электрондық поштаның мекенжайы	Жол (50)	Жауапты адамның электрондық поштасының мекенжайы

### 3. Ашық деректер жолдарының сипаттамасы

P/c №	Жолдың атауы	Қазақ/орыс тіліндегі жолдың типі	Жолдың типі	Атрибуттар мәніне қойылатын қосымша арнайы талаптар	Ашық деректері (мысал)
1		Бүтін сандар	Int	Атрибут сандық мәнді қамтиды	id: { type: "Int", labelKk: "ИД", labelRu: "ИД", labelEn: "ID", pkey: true},
2		Бүтін емес сандар	Double	Атрибут сандық емес мәнді қамтиды	
3		Жол	String	Атрибуттың мәні тек мынадай символдарды қамтиды: Қазақ және орыс әліпбиінің бас (жазылған) және кіші әріптерін қамтиды – [А, Я] және [а, я]. "Нөмір" белгісі "Дефис" белгісі "Дөңгелек" жақшалар Сөз бөлгіш – "аралық" дара нышан "Үтір" белгісі	title: { type: "String", labelKk: "Атауы", labelRu



	Жолдың атауы			"Нүкте" белгісі	: "Атауы", labelEn: "Title"}
4		Логикалық мәні	Boolean	true/false	published: {type: "Boolean", labelKk: " Жарияланған", labelRu: " Жарияланған", labelEn: " Published"}},
5		Күні	Date	Атрибут күнін қамтиды. Мәні мынадай түрде: КК-АА-ЖЖЖЖ сс:мм	date: {type: "Date ", labelKk: "Күні ", labelRu: " Мерзім", labelEn : "Date"}},
6		Геопозиция	Geoposition	Атрибут жер бетіндегі нүктенің орналасуы туралы ақпаратты қамтиды– Х координатары : у координаттары	
7		Парақ	List	List атрибуты деректердің көнейтiлетiн массивiн қамтиды	
8		Объект	Object	Атрибут басқа немесе салынған объектiлердiң сипаттамасы ү ш i н пайдаланылады	

#### 4. Ашық деректер жолдары атрибуттарының сипаттамасы

P/c №	Атрибуттың атауы	Атрибуттың сипаттамасы	Болжамды мәні
1	type	Атрибут жол типін көрсетеді	Int, String, Double, Boolean, Date, Geoposition , Object, List
2	labelKk	Қазақ тілдегі атрибуттың атауы	
3	labelRu	Орыс тіліндегі атрибуттың атауы	
4	elementType	Атрибут массив ішіндегі объектінің типін көрсетеді	Int, String, Double, Boolean, Date, Geoposition , Object, List
		Атрибут жол бірегей сәйкестендіргіш болып	

5	pkey	табылатын белгіні көрсетеді	true, false
6	fields	Атрибут объектінің ішкі жолын сипаттайды	
7	datapath	Атрибут бірегей сәйкестендіргіші бар деректердің басқа да ашық деректерінің сілтемесіне арналған	"<ашық дерек сәйкестендіргіші>.<объект сәйкестендіргіші>"

Ашық деректердің  
интернет-порталында ақпаратты  
орналастыру қағидаларына  
2-қосымша

## Ашық деректерін JSON, XML форматына көшіру құралын пайдалану сипаттамасы

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің м.а. 24.01.2023 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жолдың атауы	Мәні	Мысалы
Ашық деректердің сәйкестендіргіші		№
Қазақ тілдегі ашық деректердің атауы*		Астана қаласының дәріханалары
Орыс тіліндегі ашық деректердің атауы*		Аптеки города Астана
Қазақ тілдегі ашық деректердің сипаттамасы*		Көрсетілген ашық деректер Астана қаласының дәріханалар ақпаратын қамтиды
Орыс тіліндегі ашық деректердің сипаттамасы*		Указанные открытые данные содержат информацию об аптеках города г. Астана
Қазақ және орыс тілдеріндегі түйінді сөздер*		Дәріхана, аптека
Жауапты адамның қазақ тілдегі тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)*		Ақышев Жеңіс Бекенұлы
Жауапты адамның орыс тіліндегі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*		Акишев Женис Бекенович
Жауапты адамның телефон нөмірі *		8 (7172) 740479
Жауапты адамның электрондық поштасы*		zh.akishev@qogam.gov.kz

Ескертпе: \* міндетті түрде толтырылуы тиіс жолдар

### 2. Ашық деректер жолдарының сипаттамасы

					Ашық деректердің	Жол бірегей сәйкестенді
--	--	--	--	--	------------------	-------------------------

Жол	*Қазақ тілдегі жолдың атауы	*Орыс тіліндегі жолдың атауы	Жолдың типі	*Күнінің форматы (жолдың типі күні болса)	ішіндегі нақты объектіге сілтеме	ргіш болып табылатын белгіні көрсету	Массив ішіндегі объектінің типін көрсету
Үлгі							
id	сәйкестендіргіш	идентификатор	String			true	
name	Атауы	Название	String			false	
region	Өңір	Регион	String			false	
geoposition	Геонүкте	Геопозиция	Geoposition			false	
address	Мекенжайы	Адрес	Address			false	
schedule	Жұмыс істеу кестесі	График работы	Text			false	
expireDate	Лицензияның аяқталу мерзімі	Срок истечения лицензии	Date	DD.MM.YY YY		false	

Ескертпе: 1. \* міндетті түрде толтырылуы тиіс жолдар

2. Ашық деректер жолының сипаттамасы, сондай-ақ оларға қойылатын талаптар осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген.

3. Ашық деректерін қалыптастыру шаблоны

id	name	region	geoposition	address
11	Гиппократ	Астана	51.117469,71.428171	Астана қаласы, "Ильинка" Т.А. Есет батыр көшесі 18-үй
22	Зеленая аптека	Астана	51.121077,71.419938	Астана қаласы, Достық шағын ауданы, Сауран көшесі 5-үй

Қазақстан Республикасы  
Ақпарат және қоғамдық  
даму министрі  
2021 жылғы 28 сәуірдегі  
№ 144 бұйрыққа  
2- қосымша

### Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Мемлекеттік органдар ашық деректердің интернет-порталына орналастыратын электрондық ақпараттық ресурстарды ашық деректерге жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды беру қағидалары мен форматын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 86 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13231 болып тіркелген).

2. "Мемлекеттік органдар ашық деректердің интернет-порталына орналастыратын электрондық ақпараттық ресурстарды ашық деректерге жатқызу өлшемшарттарын,

сондай-ақ оларды беру қағидалары мен форматын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 86 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 10 қазандағы № 432 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17682 болып тіркелген).

3. "Мемлекеттік органдар ашық деректердің интернет-порталына орналастыратын электрондық ақпараттық ресурстарды ашық деректерге жатқызу өлшемшарттарын, сондай-ақ оларды беру қағидалары мен форматын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 86 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 201/НҚ бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20762 болып тіркелген).